«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы» ұжымының жиналысында талқыланған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыбындағы жиынның

№1 хаттамасы

Күні: 08.09.2025 ж.

Қатысқандар саны – 13

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, онымен күрес жолдары.

Аталған мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Космагамбетова Ш.Т баяндама оқыды.

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты өзгерген сайын, бұл жаңа жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешілмей тұрған мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл саланың қоғам өмірінде түбегейлі шешімін табылмаған күрделі мәселесі, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселе аясында қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Бірақ бұл мәселе әлі күнге шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік кесел болғандықтан, оны жоюға қарсы күресте бірлік пен жауапкершілік қажет. Барлық елдердің дамуына кедергі келтіретін бұл құбылысқа қарсы күрес – маңызды міндеттердің бірі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, яғни әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамда әділдік пен адалдық құндылықтарын насихаттау қажет. Бұл бағытта мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекетіміздің дамуына кедергі келтіретін бұл індетпен күресу – әрбір азаматтың борышы. Сондықтан әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, адал еңбек етуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай зиян келтіретін құбылыс. Елбасы былайша «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында демократиялық қоғам жағдайында заңның үстемдігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше маңызға ие болатынын атап көрсеткен. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі түрде жүргізіп жатқан саясатының, әрі қарай жалғасатынының айқын дәлелі болып табылады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қарсы күресу үшін халықтың құқықтық сауаттылығын жоғарылату, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу мен сапасын арттыру керектігін байқаймыз. Халыққа олардың құқықтарын, өздеріне

қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық түсіндіру қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылында ашықтықты қамтамасыз ету сыбайлас жемқорлықтың орын алу деңгейін төмендетуге, қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Құқықтық білімді арттыру – маңызды міндеттердің бірі.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу тағы бір бағыт ретінде Қазақстан Республикасында жемқорлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларын жетілдіру және оны тиімді қолдану қажеттігін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында көрсетілгендей, бұл бағытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары күшейтіліп, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі арттырылуда. Әрбір азамат қоғамдағы әділдік пен адалдық қағидаларын сақтауға тиіс.

Қорыта келгенде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Қазақстан Республикасының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Заң мен құқық үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамда адалдық пен әділдік қағидаларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табуы тиіс.

Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы құбылыспен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күшін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұлғаюын болдырмау үшін оны тоқтатудың бірден-бір жолы – құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Шешімі:

1. Топ тәрбиешілері сыбайлас жемқорлық туралы заңды әрдайым ұстанып отырсын.

2. Ата-аналармен жемқорлық туралы түсіндірме жұмыстарын күшейтілсін.

Меңгеруші _____ Космагамбетова Ш.Т

Хатшы _____ Ербалюкова М.А